	дұрыс атауга үйрету. (сойлеуді дамыту, коршаган ортамен танысу)	кульшак. Сокыр теке бак-бак. Мені ізден тап-тап - деп олеммен айтады. Содан кейін Сокыр теке (көзі байлауды бала) балаларды куалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Сокыр теке үстап алғанбаланың көзі байланады да ол «сокыр теке» рөлін аткарады. Ойын осытай жалғаса береді.	коркем әдебиет)	Сюжетті-роллік ойны: "Тазалықты сактайык". Максат-міндеттер: ойнында леген кызыгуышты дамыту: балалар арасынаны жагымды катынастарды калыптастыру: тазалықка ұқынты карауды тәрбиелеу. (сойлеуді дамыту, коршаган ортамен танысу)	калыптастыру; ойлау кабілеті мен зейнін, лұнистанымы мен есте сактауын және байкампаздынын дамыту.
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Дәрүмендер". Сәбізді алып тазалаймыз (он колды жұдырыкка түйіп, сол колдың алакаинана ыскылайды). Үккішпен үгіп майдатаймыз (екі	"Сойлем күрастыру". Максат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сойлемдер, шагын әнгіме күрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырын	"Кел, санайық санамақ" саусақ жаттығуы. Максат-міндеттер: балаларды кимылдарды мәтін жолдарының ыргагына сай орындауға дагдыландыру; үсак	Такиақ айту Біз осылай осеміз Суда жүзін осеміз. Кырда жүріп осеміз. Күнде қызын осеміз. Күмда шыжып осеміз. Гаулар корін осеміз. Баулар етіп осеміз.	Суреттер карастыру. "Дені саудын - жана сау" тақырыбында сюжетті суреттер карастыру. Сұрактар кою. Сұрактарға тольк жауапты тарап ету.

	<p>көлдү жұдырыкка түшін кеудеге үстан, жогары-томен көзгайды). Канттап сеүіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен кант себеді). Міне дайын нөр тағам (екі қолын алдына жайып корсетеді). Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын корсетеді). (сойлеуді дамыту, дени шынықтыру)</p>	<p>сойлеу кабілетін дамыту. Балалардың сөздік корын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кенейту, сөздік корды заттардың санасы мен касиеттерін білдіретін, заттарды жалпы денсаулық және ерекше белгілері бойыниша жалпылаушы сөздермен байыту. (сойлеуді дамыту)</p>	<p>көл моторикасын, жагымды емоцияларды дамыту. Кел, санаіык санамак. Саусақтарды дарапан. Бас бармагым алғашқы, Балаң үйрек жалнасы. Ортан терек атасы, Шылдыр шүмек анасы. Шынашагым балапан Бәріне ортақ алақан. (сойлеуді дамыту)</p>	<p>Жеміс тери осеміт. Женіскер бол осеміт Галанттапан осеміт. Канаттапан осеміт. Галанттапан, канаттапан осеміт? М. Олымбаев (сойлеуді дамыту, коркем адебиет)</p>
<p>Балаларның дербес әрекеті (бажу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнеслеу әрекеті, кітаптар карау және тапы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: откеп тақырынтар бойынша суреттерді карау, сипаттау, сртегілерді есте жаңырту, кейінкерлердің сөздерін канттапау. (коммуникативті дадылар, сойлеуді дамыту, коркем адебиет) Максат-міндеттер. Қысқа тақтастар мен санамактар, жаңылыштарды жатка айтуды үйрету. Ганыс ертеңдер мен шығармалардың мазмұны бойынша сұрактарға жауап беруді және мазмұнын өт бетінше кайтап айтууды үйрету. Сюжетті эмоционалды кабыллауды, кейінкерлерге жаңаңырлық танытууды үйрету. Аудиокт сойлеудің қаралайым түрлерін мешгерту, балалардың өздерінен айттылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сойлеу үлілерін есте сактап, әнгімелесе білуге бауду Ойыншыктар мен заттардың жаңылыштарын, сұрактарға жауап беруге, олардың жай сойлемдермен сипаттау</p>			

айтып беруге баулу.

Таныс ертегілер мен шагын шыгармалардың мазмұны бойынша алдымен сұраптарға жауап беруге, кейіннен өздігінен кайталап айтуда баулу.

Музыкалық аспаптармен ойнандар. (музыка)

Максат-міндеттер. Музыканы эмоционалды конц-күймен кабылдауда баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, марш пен таныстыру. Музыкалық ойнаныктар мен балалар музика аспаптарының (музыкалық баға, сымдырмак, барабан, сырнай) дыбысталуын ажыратада білуді жетілдіру. Музыкалық шыгармалар менинде кейінкерлердің киммелдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту; аю корбандап журелі, коян секірелі, құстар үшады.

Түрлі сипаттагы әндердің мазмұны мен конц-күйін кабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын гүсіну. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айтуда, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

Өнер бұрышында бояу суреттерін бояту, ұлпакар мүсіндеу және жасыру жұмыстарын жасау.

(шыгармашылық дағдылар, жасыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)

Максат-міндеттер. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды кайталай отырып, карапайым сюжеттік композициялар жасауда үйрету, тұтас қағаз парагына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, кара, ак негізгі түстер мен олардың ренктерін (қызылт, көгілдір, сұр) колдану. **(сурет салу)** Құрастырган құрылыштан сюжетті ойнаныктарды колданып ойнату. Бірнеше боліктерді косу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Жасыруда табиги материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бұктеу, қатпарлау) колдану.

Табигат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-арекет, карым-катаинас іс-арекеті)**

Балаларды геометриялық фигуналармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстасу және кору тәсілдері арқылы аталған фигуналарды зерттеуге мүмкіндік беру. **(математика негіздері)**

Балалардың үйге кайтуы (ата- анаңдарга кенес)	Кенес. "Спортмен шығылданудын	Тәрбиеденушілердің ата-анаңдарын мектепке дейінгі	"Жеке бас тиғиснасының басты ережелері".	Кенес. "Ез тамактанудың нияны".	Ата-анаңдарга кенес. "Баланың белсенділігі - онын
--	-------------------------------------	---	--	---------------------------------------	---

Каранегі.
24.02.2023 ж.

27.02-03.03.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды кабылдау	Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дene қызыны, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен карсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызыгуышылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың мазалап жүрген сұраптарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, кайта орнына қою, бір- біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтау; ойыншықтарды, құрылым материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауга дағдыландыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларга өздерінің еңбегі туралы әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостаганды тұтқасынан, нан салуга арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру.
	Ойын жаттығулар Мақсат-міндеттер. Альбомдар мен	"Ою саламыз" саусақ жыттығуы. Мақсат-міндеттер:	"Ол не?" дидактикалық оыйны.	"Мозаика", "Құрастырғыш" оыйндары.	«Ата-аналарға қамқорлық жасау» Ойын мақсат-

	<p>сюжеттік суреттерді қарастыру.</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.</p> <p>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>(математика негіздері, құрастыру)</p>	<p>балаларды күмылларды жаттығу мәтінінің ыргагына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ кол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)</p> <p>Оюды саламыз:</p> <p>Бұлак, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке карай бұрау)</p> <p>Дәңгелек, (Шенбер салу)</p> <p>Ирек, (Толқындар жасау)</p> <p>Қанат, (Кос қолмен бұлғау)</p> <p>Гүлдер,</p> <p>(Алақандарды жайып, тігінен көрсету)</p> <p>Көбелек. (Кос қолды айқастырып, бұлғау)</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету.</p> <p>Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және төмөнгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші балаларға мынадай жұмбақ айтады:</p> <p>Бойы әр түрлі, жұмбағымды тындашы,</p> <p>Өзара ұқсас жүзі менен сымбатты.</p> <p>Бір-біріне сыйып кеткен көрінбей,</p> <p>Жиналғанда бір ойыншық сияқты.</p> <p>Ойынды қайталап</p>	<p>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>(тәнімдыш дағдылар)</p>	<p>міндеттер: елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.</p> <p>Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады.</p> <p>Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - анаң ауырып қалды; - анаң жұмыстан шаршап келді; - анаңның көніл-куйі жоқ; - анаңның шаруасы көп; - әкенінің жұмысында қолайсыздықтар болды. <p>Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір қадам жасайды,</p>
--	---	--	---	---	--

		<p>тауып, оларды бойларына қарай қоя білсе, тапсырма дұрыс орындалған болып есептеледі. Ойын бір- екі рет қайталаңады. Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала женімпаз аталады. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p>	
Танертенгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).</p> <ol style="list-style-type: none"> Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол тәменде. Балалар доптарын жогары көтеріп, екі қолды қайшылайды. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталаңады). Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол тәменде. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталаңады). Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаган қолдары екі жанында. Аяқтарын жинап, доп ұстаган қолдарымен құшақтайды. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталаңады). Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол тәменде. Доптарын көкірек түсында ұстап, бір орында тұрып секіру. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталаңады). <p>(дене шынықтыру)</p>		

Таңғы ас

Гигиеналық дагдылар

Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауга үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, колды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынганинан кейін құргатып сұртууді, орамалды орына ілууді, тарақты және кол орамалды пайдалануды үйрету.

Үстел басында мәдениетті тамақтану дагдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй касықты, шанышкыны, майлыхты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сойлемеу.

Ойын жаттығуы:

Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,

Мөлдір суга бетінді жу.

Көркем сөз.

Қасықтарымыз біздін,

Таңқалдырар барлығын!

Қасықтарым сикырлы,

Таусады тағамды.

Міне тағам, міне ас,

Қасық түк те қалдырmas!

Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала ез қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау.

(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Көңіл-күйді анықтау» Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу. Педагог балаларга	Көктем мезгілі, табигат құбылыстары туралы әңгімелесу. (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту,)	«Сыпайы өтініш» Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды мейрімділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Балалар шенберге тұрады. Педагог түрлі бүйрекшілер	Шаттық шенбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекеттіне мотивациялық	Шаттық шенбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекеттіне мотивациялық
--------------------------------------	--	--	---	---	---

<p>айналасындағы адамдарға көніл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір-бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көніл-күйді анықтауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысындар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.</p> <p>Балалар тапсырманы жүппен орындаиды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның</p>	<p>береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолынды шапалакта, көзінді жүм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған отініштерді ғана орындау керек. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Армысыз, қайырымды Аспан ата!</p> <p>Армысыз, мейрімді Жер - Ана!</p> <p>Армысыз, шүгышалы Алтын - Құн!</p> <p>Куан, шаттан алақай! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қайырлы таң балалар!</p> <p>Жарқырады қаламыз, Жайнаі түсті даламыз,</p> <p>Қайырлы таң балалар!</p> <p>Аман Отан панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң балалар!</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>
--	---	---	---

	берілгенін және қабылдағанын талқылайды. (элеуметтік-эмоционалды дағдылар)				
Білім беру үйымының кестесі бойынша үйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Карлығаштай қайратты". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; кигаш тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелуе үйрету.	Музыка "Аялайық, аналарды бәріміз!" Мақсат-міндеттер. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажыратады жаңа музикалық ырғакты сезіне дамыту; музика әуенімен ырғакты кимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуениң ыргагына	Дене шынықтыру "Қайратты боламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелуе және бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсу жаттығуларын жасауды	Дене шынықтыру "Биік секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір-бірден, шенберге қайта тұру, саптағы өз орнын табу; екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; еденге тігінен тұрған күрсаудан енбектеуге үйрету; дене жаттығуларына кызыгуышықтарын дамыту.	Сейлеуді дамыту. «Жыл құстары» Көктемге тән белгілердің қазак тіліндегі атауларын таныстыруды жалғастыру (кар ериді, ағын сулар ағалы, құстар ұшып келеді, күн жиі жарқырайды). Балалардың ұғымындағы құстар және олардың көктемдегі тіршілігі туралы білімдерін бекіту (құстар ұя салады, балапан басып шығарады). Сыртқы түрлінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту (қауырсын, қанаттар,

		<p>ілесе отырып, музыкалық аспапта шыгарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оку қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.</p>			<p>күйрық, екі аяқ, тұмсық, құстарға тән кимыл-әрекеттер).</p>
2- таңғы ас		Балаларга тамак ішер алдында қолды жуу, тамактану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамак ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамактан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Серуенге дайындық		Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)			
Серуен	<p>Сүнгі мұздарды бақылау. (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларды судың қасиеттерімен, оның әртүрлі күйлерімен</p>	<p>Қарды бақылау. (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: көктем туралы түсініктерін көңейту, кардың қасиеттерін</p>	<p>Жинағыш коліктерді бақылау. (коршаган ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: коліктердің еңбекті қажет ететін</p>	<p>Жүргізушиңің жұмысын бақылау. (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жургізушиңің жұмысымен, көлік</p>	<p>Балабақша алаңында құстарды бақылау. (коршаган ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құстарды түстері,</p>

тәнистыруды жалғастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын карапайым еңбек тапсырмалары (жолдардагы мұз бен карды тазарту). Мақсат-міндеттер: куректермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; тәуелсіздікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қыстайтын құстар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге, секіру кезінде жаттығуга, бір қимылдан екінші қимылға аудыса білуге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері,	талдау, қарды бакылауды жалғастыру, кардың түсін (сұр, лас) қыскы түсімен салыстыру. Ересек адамдармен орындалатын карапайым еңбек тапсырмалары (учаскеде қоқыс жинау). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Пойыз", "Маған қарай жүгіріндер" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру) Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: допты лактыру және ұстау, ептілікті дамыту,	жұмыстарды орындаудыға рөлі, олардың құрылымының ерекшеліктері туралы білімдерін көңейту; сипаттама бойынша көліктердің бейнесін табу қабілеттерін шоғырландыру; технологияға деген қызығушылықты, үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын карапайым еңбек тапсырмалары (балабақша аумағын коқыстардан құрметтеуге тәрбиелеу.) (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз жүргізушілерміз"," Торғайлар және қолік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеуге,	бөлшектерінің атауларымен тәнисуды жалғастыру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын карапайым еңбек тапсырмалары (күмсалғыштағы күмді қазып алу.) Мақсат-міндеттер: еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу; жауапкершілікке үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тұрлі- тұсті қоліктер". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға үйрету; педагогтің белгісі бойынша, кез-келген
---	--	--	---

	<p>қозғалыстарды дамыту: "Жол бойымен". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: зейінді, кимылдарды үйлестіруді дамыту.</p>	<p>күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p>	<p>басталған жұмысты соңына дейін жеткізуге деген құштарлықты ояту.</p> <p>Қымыл-қозғалыс ойындары: "Кім ең дәл?", "Ұстап ал". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ашық ойындарды үйымдастырудагы дербестікті, ұқыптылықты, ептілікті, ережелерді сактай білуді дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жағалыққа жоргалап, жоргалай білу кабілетін бекіту.</p>	<p>оыйнды үйымдастырудагы тәуелсіздікке тәрбиелеу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: кеңістіктегі бағдарды, тепе-тендік сезімін жаксарту.</p>	<p>бағытта бір-біріне соқтығыспай жүгіру; түстерді ажырату.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, орыннан жоғары секіру. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: секіру қабілетін, жылдамдықпен күш біріктіре отырып, дene бұлшық еттерінің күштерін шоғырландыру қабілетін дамыту.</p>
Серуенин оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алушы, өз киімін езі шешуді, өз қажеттері жайында айтуга машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлакты тазалап жууды, жуынганин кейін құргатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол</p>				

орамалды пайдалануды үйрету.

Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышкыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үтіпкеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.

Ойын жаттығуы:

Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,
Мөлдір суға бетінді жу.

Көркем сөз.

Қасықтарымыз біздің,
Танқалдырап барлығын!
Қасықтарым сиқырлы,
Таусады тағамды.
Міне тағам, міне ас,
Қасық түк те қалдырмас!

Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сактамаса, оған жақындаپ, дұрыс отыруын сұрау.

(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)

Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен журу. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру. (дene шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга багытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	Сурет салудан ойын-жаттығу "Көктем сыйлаган көлек".	Сойлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қарлығаш туралы	Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу "Торғай".	Құрастырудан ойын-жаттығу "Бантик таққан балапан".	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Көктемгі

<p>бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды мерекелі көйлек сұлбасының ортасында және теменгі жағындағы жолакты қарапайым ою элементтерімен безендіруге үрету.</p> <p>Дидактикалық ойын "Суретші қай жерден қателесті?"</p> <p>Мақсат-міндеттер: баланың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкесіздікті таба алуға үрету.</p> <p>Барысы: педагог суретшінің "Көктем" тақырыбына сурет салғанын айтады.</p> <p>Бала оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды.</p> <p>Бала көктем мезгілінде болмайтын көріністерді тауып,</p>	<p>такпак жаттау".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды жыл құсы қарлығаш туралы көркем сөзбелі таныстыру, қарлығаштың тіршілігі жөнінде мағлұматтар беру.</p> <p>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</p> <p>"Көктеммен бірге құс келді".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың құстарды бақылай отырып, оның ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау</p> <p>барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балалардың қағаз жолагын көлденен бойымен тен боліктеге бүкtemелуу амалдарына үрету, жасалған гофра жинағын көлденен жіңішке жолақ арқылы жapsырып бөлуге машиқтандыру.</p> <p>Музықадан ойын-жаттығу</p> <p>"Анашым, анажаным".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажыраты білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажыраты білу қабілетін жетілдіру;</p>	<p>сыйлықтар".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың геометриялық пішіндер жөніндегі білімін тиянектау, "саны канша, сонша", "бірдей", "саны тен" үгымдарын түсінуін пысықтау; көктем мезгіліндегі құстардың тіршілігі жөніндегі түсінігін аясын көнектізу, аналар мерекесіне сыйлық дайындау әдебімен таныстыру.</p> <p>"Жапалақ" кимылды ойыны. Ойыншылар ішінен жапалақ таңдалады. Басқа балалар құстар, коңыздар, көбелектер болады. Жапалақ тогайға (гимнастикалық қабырганың бірнеше сатысына) шыгады,</p>
---	--	---	--	--

	оның қай мезгілде болатынын айтады. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)		мықтап үстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай үстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы команда берісімен, шынтақтарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан тұсіруге үмтүлады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі. Бұл білек күшінің жетілуіне көмектеседі. (дene шынықтыру)	музыкадагы ыргакты сезіне білу кабілетін дамыту; музыка әуенімен ыргакты кимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуенін ыргагына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызыгуышылдыктары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау.	ал қалған балалар «канаттарын қағып», «ұша» бастайды. Педагог «Тұн» деп айткан кезде, құстар мен жәндіктер өз орындарында козгалмай тұрып калады. Қозғалып койған ойыншыны жапалак үйіне алып кетеді. Педагог «Күн» деп айтады, осы кезде жапалак кайтадан тогайга шыгады. Ойын бірнеше рет кайталанғаннан кейін басқа жапалак таңдалады және ойын әрі қарай жалғасады. (дene шынықтыру)
Балалармен жеке жұмыс	"Көктем" тақпагында әңгімелесу (иллюстрациялар)	"Көктем" тақпагын жаттау. Көктем қырга төрледі,	Жыл мезгілі жайлы сұрақтар. Максат-міндеттер: қарапайым	"Сиқырлы қылқалам". Максат-міндеттер. Дайын суреттерді	Жаңылтпаشتар айтқызу. Бір ак шымшық, Екі ак шымшық.

	<p>ы қарастыру). Мақсат-міндеттер: карапайым сұрактарға жауап беруге үйрету. (сойлеуді дамыту)</p>	<p>Төрт түлік мал төлдеді. Бәйшешектер құлпырып, Деп тұргандай: «Көр мені!» Жылы мезгіл жетіпті, Таstadtық біз етікті. Қар көктемге жеткізбей, Тауга шығып кетіпті! К.Ыбырайұлы (көркем әдебиет)</p>	<p>сұрактарға жауап беруге үйрету. (коршаған ортамен танысу, сойлеуді дамыту)</p>	<p>бояу. (сурет салу)</p>	<p>Уш ақ шымшық, Төрт ақ шымшық. (сойлеуді дамыту)</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тәғы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталуа. (коммуникативті дағдылар, сойлеуді дамыту, : , көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттыгулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (көктем мезгілі, ауа райы, көктем мерекелері, наурыз мерекесі, салт-дәстүр) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрактарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Ауызекі сойлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табигат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөле», «ага», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p>				

Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.

Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)

Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би кимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би кимылдарын қайталау. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айтуда, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Музиканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.

Өнер бұрышында андардың бояу суреттерін бояту, ұлпакар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.

(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)

Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталаپ салуға баулу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білеңік, жұзік, балдак, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаган бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаган дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Ұжымдық құрылыш жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыш бөліктегін жеке дайындау, өздерінің құрастырган бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылышпен бірге ойнату.

Табигат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)

Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (танымдық дағдылар, математика негіздері)

Балаларды геометриялық фигуralармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстай және көру тәсілдері арқылы аталған фигуralарды зерттеуге мүмкіндік беру.

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға көзес)	"Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әнгімелесу.	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудагы отбасының рөлі" тақырыбына әнгімелесу.	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.	Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?"	"Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?"
---	--	---	---	---	---

Жаралар 02.03.2023ж.

ТӘРБИЕЛЕУ-БЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Ортаңғы топ

06.03-10.03.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды кабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен карсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызыгуышылығын анықтау. (сойлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әнгімелесу, кенес беру	Ата-аналармен "Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу" такырыбында әнгімелесу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тагы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Балаларга еңбегін әнгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостаганды тұтқасынан, наң салуга арналған ыдысты екі колымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру.	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру; табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.		"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шанды сүрту іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауга су құю.
	Сюжетті суреттер	Санамактар		Мүсіндеуден ойын-	Қоршаган ортамен

	<p>карастыру.</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>"Коктем"</p> <p>такырыбында</p> <p>сюжетті суреттер</p> <p>карастыру.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>айтқызу.</p> <p>Дүйсенбіде доп</p> <p>ойнадық коралда.</p> <p>Сейсенбіде серуен</p> <p>құрдық далада.</p> <p>Сәрсенбіде сурет</p> <p>салдық сәнді етіп,</p> <p>Бейсенбіде би биледік</p> <p>әндестіп.</p> <p>Жұма күні жидек</p> <p>тердік қыратта.</p> <p>Сенбі күні kino</p> <p>көрдік.</p> <p>Жексенбіде үйде</p> <p>болып демаллық.</p> <p>Осылайша өте шыкты</p> <p>бір апта.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>жаттыну</p> <p>"Конжық".</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балалардың жабайы</p> <p>андардың қызы</p> <p>тіршілігі туралы</p> <p>түсініктер аясын</p> <p>көңейту, конжықтың</p> <p>dene құрылышы</p> <p>жөніндегі білімдерін</p> <p>pysықтау.</p>	<p>тәнисудан ойын-</p> <p>жаттығу</p> <p>"Судың касиеті".</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балалардың жылғаларды</p> <p>бакылай отырып, одан</p> <p>агатын судың ерекше</p> <p>белгілері мен касиетін</p> <p>кабылдау барысында</p> <p>taнымдық-зерттеушілік</p> <p>дағдылары мен</p> <p>кызығушылықтарын,</p> <p>ойлауы мен тілін</p> <p>дамыту. Судың</p> <p>касиеттері туралы</p> <p>білімдерін</p> <p>калыптастыру.</p>
Тапертенгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).</p> <ol style="list-style-type: none"> Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дene тік, кол төменде. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі колды кайшылайды. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет кайталанады). Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дene тік, кол төменде. Колдарын иыкка көтеріп, допты кояды. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет кайталанады). Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаган колдары екі жаңында. Аяқтарын жинап, доп ұстаган колдарымен құшактайады. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет кайталанады). Бастапқы қалып: аяқ бірге, дene бос, кол төменде. 			

4.1. Даңтарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секір.

4.2. Бастанқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).
(дене шынықтыру)

Таңғы ас	<p>Гигиеналық дәғдышлар</p> <p>Максат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бакылауга үйрету; сабынды дұрыс колдануды, колды, бетті, құлакты тазалаң жууды, жуынганин кейін құргатып сұртууді, орамалды орнына ілууді, таракты және кол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дәғдышарын қалыптастыру; ас касық пен шәй касыкты, шанышкыны, майлыкты дұрыс колдану; наанды үтіпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Құралдар: сабын.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Сабындаған кезінде</p> <p>Ашытады көзінді.</p> <p>Бола білсөн төзімді,</p> <p>Тап-таза етер өзінді.</p> <p>Тазалыктын досы -</p> <p>Сабын деген осы.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дәғдышлар, көркем сөз)</p>
-----------------	--

Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Шаттық шенбері Максат-міндеттер. Балаарга эмоционалды жагымды қоңіл-күй мен үйымдастырылған іс- әрекетіненетивациялық дайындыкты калыптастыру,</p> <p>Шаттық шенбері Максат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жагымды қоңіл-күй мен үйымдастырылған іс- әрекетіненетивациялық дайындыкты калыптастыру, балаарға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыкка тәрбиелеу.</p>		<p>Шаттық шенбері Максат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жагымды қоңіл-күй мен үйымдастырылған іс- әрекетіненетивациялық дайындыкты калыптастыру, балаарға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыкка тәрбиелеу.</p>	<p>"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттер: кызыгуыштыкка, жанашырлыкка тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаарға құстарға не жетіспейтінін айту керек. (сөйлеуді дамыту)</p>
---	--	--	---	--

	<p>балаларға бір-бірімен тәрбиелу.</p> <p>сәлемдесуге мүмкіндік беру,</p> <p>ұжымда достыкка тәрбиелу.</p> <p>Куанамын мен де</p> <p>Куанасын сен де,</p> <p>Куанайық достарым!</p> <p>Арайлап атқан күнге!</p> <p>(сойлеуді дамыту)</p>	<p>Армысыз, қайрымды Аспан ата!</p> <p>Армысыз, мейрімді Жер - Ана!</p> <p>Армысыз, шұғылалы Алтын - Күн!</p> <p>Куан, шаттан, алакай!</p> <p>(сойлеуді дамыту)</p>	<p>Куанамын мен де</p> <p>Куанасын сен де,</p> <p>Куанайық достарым!</p> <p>Арайлап атқан күнге!</p> <p>(сойлеуді дамыту)</p>	
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Таза бұлак".</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен аракашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүргіру қабілетін жетілдіру; 4-6 м кашыктыққа тұра бағытта енбектеуге үрету.</p>	<p>Дене шынықтыру "Коктемгі жылғалар".</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балаларды доганың астымен өрмелуеге; тепе-тендікті сактай отырып тұра жолмен жүргүре үрету;</p> <p>балаларды жануарлардың кимылдарына елікten, кимыл ойындарын ойнауға</p> <p>кызығушылықтарын ояту.</p>	<p>Дене шынықтыру "Таза бұлактай таза болайық!"</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балаларды гимнастикалық кабырға бойымен жогары өрмелуеге; тақтай бойымен тепе-тендікті сактауға үрету; 4-6 м кашыктыққа тұра бағытта енбектеу дагдыларын пысықтау.</p>	<p>Сойлеуді дамыту «Көрікті көтем».</p> <p>Көтем жыл мезгілі.</p> <p>Тамшы сиякты құбылыстар жайында шагын өлең жолдарын кайталату, сөздерді анықтап айтуды.</p> <p>жагымды көніл қүйлерін білдіруді үрету. Қазак тілін түсінуді. «Көтем» сезін қолдана отырып, карапайым сөз тіркестерін жасауды, сын есімдердің жалғауларын өзгертуді үрету. Көтем туралы әндердің кайталап айту қабілеттерін, сойлеу тілін дамыту; жалны «Көтем» тақырыбы</p>

					бойынша сөйлеуді, есту арқылы кабылдауды дамыту, есту, еске сактау кабілетін, көру арқылы кабылдаудын, ойлау кабілетін дамытып, жагымды көніл күйін білдіре алу кабілетін калыптастыру. Байқағыштықтық касиеттерін, әсемдікті сезіну кабілетін, көркемсөзге кызыгушылығын дамыту.
2- таңғы ас	Балаларга тамақ ішер алдында қолды жуу, тамактану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындықка сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын катаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астын дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айтуда. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын колдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауга, ұқынтылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен колдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Көктем келді. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер: көктем туралы ойларын бекіту, табиғаттагы	Табиғат өзгерістерін бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту, бақылау		Пошташының жұмысын бақылау. (коршаган ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер: пошташының жұмысын бақылауды жалғастыру;	Көгершіндерді бақылау. (коршаган ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер: құстардың пайда болуы, олардың әдептері мен тіршілік ету ортасы

Рыгерістерге назар аудару.	дагдыларын дамыт.	сөздік корын байыту:	туралы білімдерін көнегіту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді калыптастыру.
Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарға жем беру). (еңбек дағдылары)	Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қарды белгілі бір жерде жинау) (еңбек дағдылары)	Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қокыстарды жинау.) (еңбек дағдылары)	Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы кар мен кокыс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту.) (еңбек дағдылары)
Максат-міндеттер: табигат объектілеріне көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.	Максат-міндеттер: еңбекке баулу.	Максат-міндеттер: қызығушылықтарын бағындырып, бірлесіп жұмыс жасау кабілетін дамыту, жауапкершілік сезіміне тәрбиелеу.	Максат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке дағыландыру.
Қимыл-қозгалыс ойындары: "Ағын арқылы", "Таяқша". (дене шынықтыру)	Қимыл-қозгалыс ойындары: "Ең епті!", "Ең жылдам!" (дене шынықтыру)	Қимыл-қозгалыс ойындары: "Күн кояндары", "Қаздар". (дене шынықтыру)	Қимыл-қозгалыс ойындары: "Көгершінді қуып жет", "Жапалак". (дене шынықтыру)
Максат-міндеттер: педагогтің нұсқауы бойынша тез әрекет етуге, достық карым-қатынаска тәрбиелеу, балаларды ойын жағдайына сәйкес кимылдауға; жылдамдық пен ентілікті дамыту.	Максат-міндеттер: өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Басқага бер". (дене шынықтыру)	Максат-міндеттер: кимылдарды үйлестіруді дамыту; жалпыға ортақ іс-әрекеттерді жасай білуге жаттықтыру.	Максат-міндеттер: ентілікті, жылдамдықты жаксарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүтіру); жылдамдықты ұдету кезінде белгі бойынша козгалуды, жиі қадамдар жасауды, колданы жігерлі кимылдарын үйрету.
Өзіндік еркін ойын	Максат-міндеттер: допты лактыру және кагып алу - ентілікті дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын калыптастыру.	Өзіндік еркін ойын әрекеттері, козгалыстарды дамыту.	Өзіндік еркін ойын

	<p>әрекеттері: "Жылан". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: заттарды құлатпай, олардың арасында «жылан» сиякты жүруді жалғастыру; зейін мен бакылауды дамыту.</p>			<p>әрекеттері, козғалыстарды дамыту. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: онға, солға, айналага бұрылыстармен секіру жаттығуларын жасау.</p>
Серуенин оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуга машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бакылауга үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, колды, бетті, құлакты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құргатыш сұртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және кол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамактану дағдыларын қалыптастыру: ас касық пен шәй касықты, шанышқыны, майлышты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамакты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Құралдар: сабын.</p> <p>Көркем соз</p> <p>Сабындаған кезінде Ашытады көзінді. Бола білсен төзімді. Тап-таза етер өзінді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем соз)</p>			
Күндізгі үйкі	Балалардың тыныш үйіктауына жайлы жағдай туғызу.			
Бірте-бірте тұрғызу,	Үйкідан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, корнелерін кері лактырмай жатып			

сауықтыру шарапары	жаткан күйінде балалар жапы дамыту жаттыгуларының аз мөлшерін орындаиды; 2-3 минут төсекте жаткан гимнастика балалардың үйкідан ояну күйіне біртіндеп аудиосына бағытталған. Оянған балалармен откізген дұрыс, калғандары оянған кезде косылады. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүру.			
Бесін ас	Алдына койған асқа назар аударту; дастаркан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жекедара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)			
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Тамшылар". Максат-міндеттер. Балаларды қолденен сызықтың "шатырдың" бойымен солдан онға карай, кезекпен, үстіден төмен карай көкшіл тамшылар тізбектерін салуда жаттықтыру; шатырдан ағып жаткан тамшылар бейнесін салуга үрету.</p> <p>"Гүлдер" имитациялық ойыны. - Балалар, бәріміз гүлдер боламыз. Мениң айтып отырган сөздерім бойынша кимылдарды жасайсындар. Балалар «гүлдерге» айналады</p>	<p>Драматизация. "Қарлығаштың күйрығы неге айыр?" ертегісін суреттерді колдану арқылы сахналуа. (коркем әдебиет)</p> <p>Коршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу "Судың касиеті". Максат-міндеттер. Балалардың жылғаларды бақылай отырып, одан ағатын судың ерекше белгілері мен касиетін кабылдау</p> <p>барысында танымдық-зерттеушілік дагдылары мен</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Көктем келді суретімен танысу". Максат-міндеттер. Балаларды "Көктем келді" суретімен таныстыру, сурет мазмұнын баяндау тәртібіне үйрету, көктем туралы білімдерін пысықтау.</p> <p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Көктем тамшылары". Максат-міндеттер. Балаларды бірыңғай ыргактары дыбыстардың санын заттардың санына сәйкестендіруге үйрету; дыбыстардың саны қанша болса, сонша затты катарага салу (кою), сәйкестендіру нәтижесін атап айтуды</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Ақшакар". Максат-міндеттер. Балаларды "Ақшакар" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзін зейін қойып, мұкияттыңдауға үйрету: ертегі кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылай білуге дагдыландыру.</p> <p>"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны.</p>

	<p>(тізелерін бүгін отырып, бастиары мен колдарын тізелеріне койып, көздерін жұмады). Жерден кішкентай ескін өсіп шыкты. Ол бойын күнге созып, баяу есе бастады. Міне, гүлшанак (бутон) пайда болды. Гүл бір күлтесін ашты (оң колдарын жогары созады), сонаң соң екінші күлтесін ашты (сол қолын екінші жаққа созады), тагы екі күлтесі ашылды (екі колдарын ғеменнен жогарыға қарай созады), міне, гүл ашылды. Самал жел сокты, гүл желмен тербеле бастады. Ара ұшып келіп гүлге қонды. Педагог балалардың кимылдарды дұрыс жасауларын қадағалап отырады.</p>	<p>кызыгуышықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Судын касиеттері туралы білімдерін калыптастыру.</p>	<p>амалдарын ігерту; көлдін ұсак моторикасын, түйсікпен, құлакпен және көзбен кабылдау, есте сактау, ойлау кабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.</p>	<p>Максат-міндеттер: балаларга сойлемдерді, мәтіндерді дұрыс күруга, таныс мәтінді қайталай білуге үйрету, зейінді, бакылауды, есте сактауды жаттықтыру. (сөйлеуді дамыту, коркем әдебиет)</p>	
Балалармен жеке жұмыс	<p>Саусак жаттығулары Бас бармак баstryқ екен. Сұқ саусак сактық екен.</p>	<p>"Көктем" тақшагын айтқызу.</p>	<p>Максат-міндеттер.</p>	<p>Зейінді дамытуға ариалған жаттығу. "Бәрін байқау" (елеу, кору).</p>	<p>"Қызғалдақ" өлеңін жаттау Қырқалардың</p>

	<p>Ортада кол ойшыл екен. Аты жок саусак тойшыл екен. Ал шынашақ еңбекшіл койны екен. Бастық басқар, сактық сактар. Ойшыл ойла, тойшыл тойла. Саусактарды бүтлеміз. Саусактарды бүрлеміз. Бұғіп, бүріп саусакты. Сергіп қалдық, міне, біз. (сөйлеуді дамыту, деңе шынықтыру)</p>	<p>Бала тілін дамыту. "Коктем" (Комек ыбыраев) Бұлбұл сайранап шат үнді. Ну тогайга шакырды. Таудан аккан өзен де Бар даусымен "акырды". Жайрандастып жас- кәрі. Құстар келе бастады. Кыс киген ак шапанды, Көктем жыртып тастанды. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Максат-міндеттер. Бір катарға 5-7 (ес көбі - 10) зат немесе сурет орналастырып, оларды жауын койыныз. Заттарды 10 секунд ашып тұрып, кайта жабыныз да, балаларға есінде калған барлық заттарды атауын ұсыныныз. Заттарды қайтадан 8-10 секунд ашып тұрып, балалардан заттардың кандай ретпен орналасқанын сұраныз. Кез-келген екі заттың орындарын ауыстырып, барлық заттарды қайтадан 10 секунд көрсетініз. Балалардан кандай заттарды орны ауысқанын сұраңыз. Заттарға қарамай, әр заттың түсін айтып беруді сұраңыз.</p>	<p>ториен Каудаң козға үрады. Қынғалдактар онірді Қыл-қызыл гып тұрады. (сөйлеуді дамыту және коркем әдебиет)</p>
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)	"Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансу үйгіштікке тәрбислеу."	Әнгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	Жаднама: "Отбасына жағымды атмосфера сыйлау".	"Үйде демалысты қалай откізу керек" әнгімелесу.

Запасыл
10.03.2023г.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

	«Болашақ» ортаңғы топ 13.03-17.03.2023ж.				
Анта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Танғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызынын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көніл күймен карсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көніл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру	Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табигат бұрышындағы кезекшілікті үйымдастыру: табигат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табигат бұрышындағы кезекшілікті үйымдастыру: табигат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табакты, майлық салатын ыдыстарды, тамак ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шанды сұрту іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Даму орталықтарында кезекшілікті үйымдастыру.

<p>"Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат"</p> <p>дидактикалық ойныны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт-дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, билетін және үйренген ақпараттарын өзара үштастырып, сын түрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету, салт-дәстүрлерді күрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.</p> <p>(сойлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойныны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту;</p> <p>ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>(математика негіздері)</p>	<p>"Киіз үйді құрастыр" дидактикалық ойныны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, қағаз қындыларынан киіз үйді құрастыру.</p> <p>Педагог:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, қазір біз "Киіз үйді құрастыр" дидактикалық ойнының ойнаймыз. <p>Ойынның шарты: алдарында киіз үйді құрастыратын қындылар бар.</p> <p>Мен ретімен киіз бөліктерін атап отырамын, сендер ойланбастан сол бөлікті тез алып, қағаз бетіне қойып, құрастырып</p>	<p>Ұлттық ойын. Хан алшы</p> <p>«Хан алшы» — казақ халқының ұлттық ойындарының бірі асық ойнының бір түрі. Ойынға 5 немесе 10 бала катысады. Көп асықтың ең ірісі қызыл түске боялады. Бұл асық «Хан асығы» болып саналады. Асықтар тізіп қойған соң, ойын бастаушы «Хан асығымен» оларды көздең, күлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер «Хан асығы» бүк, шік, тайқы қалыптарымен түссе, ойын бастаушы жақын құлаған асықтарды</p>	<p>Саусақ жаттығуы.</p> <p>"Бір-бір кесе алайық".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, білгілі кимылдарды жасауға үйрету; дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; куанышқа бөленуге баулу.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Дастанхан дайын болса, (алақандарды өзара үқалау) <p>Қонақтарға жайылса.</p> <p>(шапалақтау)</p> <p>Бір-бір кесе алайық, (екі алақанды қырынан қосып, кесе үқсас пішінді құру)</p> <p>Суыды ма, қарайық.</p> <p>(жасанды кесе ішіне, алақандардың ішкі жағына үрлеу)</p>
--	--	--	--	---

			<p>шығасындар. Кідіріп қалған жұмыстар есепке алынбайды. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға киіз үй бейнеленген таңбалаштыштар үлестіріледі. (жапсыру)</p>	<p>ата береді. Егер ойын бастауышы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ен соңында, «Хан асығы» кімнің касында қалса, сол бала женіске жетеді. Келесі ойынды женіске жеткен бала жалғастырады. (дене шынықтыру)</p>	(сойлеуді дамыту, дене шынықтыру)
